

**8D02310-Филология білім беру бағдарламасы бойынша философия
докторы (Phd) дәрежесін алу үшін Кайимов Мухамеджан
Абдихаликович дайындалған «Бұқар жырау толғауларындағы рухани-
адамгершілік мәселелері және замана шындығының көркем бейнеленуі»
тақырыбындағы диссертациясына**

АННОТАЦИЯ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Руханият пен адамгершілік мәселелері әрдайым адам өмірінің маңызды аспектілері болып қала береді, осы себептен де бұл тақырыпқа әдебиеттанушылар, философтар мен әлеуметтанушылар жиі назар аударады. Бұл докторлық диссертацияда біз Бұқар жырау шығармашылығындағы уақыттың шындығын ой елегінен өткізіп, замана келбетін көркем туындыға айналдыру үдерісіндегі рухани-адамгершілік мәселелерді қарастыратын боламыз.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі. Ғылыми зерттеу тақырыбының өзектілігі Бұқар жырау шығармаларындағы рухани-адамгершілік мәселелерді зерделеу қажеттілігіне негізделген. Бұқар жырау – қазақ халқының мәдениеті мен ұлттық дүниетанымының философиялық және этикалық аспектілерін бейнелейтін айрықша арна, соны бағыт. Алайда осы уақытқа дейін Бұқар жырау шығармаларындағы рухани-адамгершілік мәселелердің қалыптасуына тарихи, әлеуметтік және мәдени контексттердің әсері, сондай-ақ осы шығармалардағы уақыттың пен кеңістіктің бейнелену ерекшелігі жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Осы жұмыстың өзектілігін дәйектеу мақсатында Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелерді кешенді зерттеуге және уақыт шындығын көркем бейнелеу тақырыбына баса назар аударуға тырысамыз. Күн санап жаһандану кезеңінің қарқынды даму үдерістерін сіңіріп жатқан заманауи әлемде көптеген әлеуметтік, экономикалық және саяси проблемалар аясында рухани құндылықтар мен адамгершілік бағдарларды іздеу қажеттілігіне сұраныстың артуы. ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауындағы «Қазақ зиялыларының жаңа кезеңдегі міндеті – ұлт болмысының жаңа қағидаттарын орнықтыру. Сондай-ақ, ұлт сапасын арттыруға атсалысу» деген тұжырымы да осы зерттеу жұмысымыздың бағдары болары анық. Зерттеу жұмысының өзектілігі Бұқар жырау шығармаларындағы рухани-адамгершілік мәселелер мен тарихи шындықтың көркем бейнеленуін зерделеу, Бұқар шығармашылығы арқылы қазақ халқының дүниетанымы мен моральдық құндылықтарын терең түсінуге, ұлттық рухани мұраны тануға, сондай-ақ тарихи сананы қалыптастыруға мүмкіндік туғызу.

Тақырыптың ғылыми зерттелу деңгейі. Бұқар жыраудың шығармашылығын және оның қазақ әдебиеті мен мәдениетіне ықпалын зерделеу көптеген қазақ әдебиеттанушылары мен зерттеушілерінің ғылыми зерттеу нысанына айналған. Мәселен, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Әлкей Марғұлан, Қажым

Жұмалиев, Әуелбек Қоңыратбаев және т.б. Аталған әдебиеттанушы ғалымдардың арқасында оның жыр-толғаулары XX ғасырдан бастап басылым беттерінде жарияланып, дүйім жұртқа кеңінен таралды. Мысалы, 1923-1925 жылдар аралығында М.Әуезовтің бастамасымен «Таң» журналының 1-4 сандарында Бұқар жыраудың бірнеше шығармасы жарық көрді. С.Сейфуллиннің құрастыруымен 1931 жылы жарық көрген «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» жинағында Бұқар туралы маңызды ой-тұжырымдар келтіріліп, оның көптеген жыр-толғаулары мен шешендік сөздерін ұсынса, 1934 жылы жарық көрген «XIX-XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» оқулығында М.Әуезов, М.Жолдыбаев, Ә.Қоңыратбаев Бұқар жыраудың өмірі мен шығармашылығы туралы ғылыми ойларын дәйектей негіздеп, жыраудың әдеби мұрасының ғылыми айналымға енуіне тікелей мұрындық болды. маңызы зор. Қ.Жұмалиев қазақ әдебиетінің орта мектептерге арналған оқулықтарынан бастап, қазақ әдебиетінің алты томдық тарихына жазған Бұқар туралы монографиялық тарауларында да, оны XVIII ғасырдағы авторлығы сақталған тарихи әдебиеттің бастауы деп бағамдай келіп, ол өзінің дидактикалық толғаулары арқылы сол кезеңдердегі әлеуметтік шындықты тап басып сипаттаған деп жазады. Ал Ә.Марғұлан Бұқар жырауды Абылай ханның белгілі жыршысы, кейінгі қазақ ақындарының бірден-бір көшбасшы ұстазы деп бағалайды. Осындай баға Е.Ысмайылов пен Б.Кенжебаевтың да еңбектерінде кездеседі. Көрнекті фольклорист Н.С.Смирнова Бұқар шығармашылығына арналған ауқымды зерттеулерінде оның импровизаторлық өнерінің ерен қуаты мен демократиялық тенденциясының нығая түсу ерекшеліктеріне, сондай-ақ, толғауларындағы халықтық ұғымның әлеуметтік терең сипатына айрықша мән береді. Бірқатар зерттеушілер Бұқар жырау шығармашылығындағы ұлттық таным мен болмыс мәселесіне және оның қазақ ұлттық санасының дамуына қосқан ықпалына баса назар аударады. Енді бір зерттеушілер тобы Бұқар жырау толғауларының қазақ бірегейлігін қалыптастырудағы рөлін зерттеуге айрықша көңіл бөледі.

Зерттеу жұмысының нысаны. Қазақ әдебиетінің ХУІІІ ғасырдағы көрнекті өкілі Бұқар жыраудың толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелері, оның шығармашылығы мен авторлық портреті және замана шындығының суреттелу ерекшеліктері зерттеу нысанына алынған.

Зерттеу пәні. Бұқар жырау шығармашылығындағы рухани-адамгершілік мәселелер мен оның толғауларының көркемдігі және олардың қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына қосқан ықпалы. Зерттеу пәнін нақтылау мақсатында Бұқар жырау шығармаларын талдауға, оның философиялық және моральдық көзқарастарын зерттеуге, сондай-ақ олардың қазақтың ұлттық бірегейлігін қалыптастырудағы рөліне баса назар аударылатын болады.

Диссертацияның мақсаты. Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелерді талдау және оның шығармаларындағы тарихи хронотоп пен замана шындығының көркем репрезентациясын зерттеу. Осы мақсатта жырау поэзиясына мәтіндік талдау (текстуалдық анализ) жүргізіп, руханият пен адамгершілікке қатысты негізгі тақырыптар мен

идеялық арқауларды айқындау, сондай-ақ шығармаларындағы уақыт пен кеңістікті бейнелеудің көркемдік-эстетикалық механизмін (тәсілдерін) саралау жоспарланып отыр.

Диссертациялық жұмыстың негізгі міндеттері:

Жұмыста қойылған мақсатты іске асыру үшін диссертациялық зерттеудің мынадай **міндеттері** айқындалады:

1. Бұқар жырау шығармаларындағы негізгі рухани-адамгершілік мәселелерді анықтау және талдау;
2. Уақыттың әлеуметтік-тарихи контекстінің Бұқар жырау шығармаларындағы рухани-адамгершілік мәселелердің қалыптасуы мен бейнеленуіне тигізген әсерін анықтау;
3. Заманауи қоғамда Бұқар жырау философиясын қазіргі таңда кездесетін рухани-адамгершілік мәселелерді шешу үшін пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
4. Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелердің қалыптасуына ықпал еткен тарихи, әлеуметтік және мәдени мәнмәтіндерді зерделеу;
5. Түрлі тарихи кезеңдердегі руханият пен адамгершілікке деген көзқарастардағы өзгерістерді анықтау арқылы Бұқар жырау шығармаларының ерекшеліктеріне талдау жүргізу;
6. Бұқар жырау шығармашылығындағы уақыт ұғымының философиялық және этикалық аспектілерін анықтау.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдістемелік негіздері. Бұл зерттеудің теориялық негіздері әдеби, тарихи, мәдени және философиялық ғылымдар саласына негізделген. Зерттеудің теориялық негізіне түрлі ғалымдардың Қазақстан халықтарының философиясы мен әдебиетіне арналған жұмыстары, сондай-ақ руханият пен адамгершілік мәселелеріне арналған ғылыми еңбектері алында. Әдістемелік тәсіл жазбаша дереккөздерді зерттеу мен талдауды, сондай-ақ салыстырмалы тарихи, формальды құрылымдық және контекстік талдауды қолдануды қамтиды. Контекстік талдау, салыстырмалы зерттеу, мәтіндерді түсіндіру және тарихи талдау сияқты әдістер мен тәсілдер қолданылады. Жұмыстың әдістемелік негізі зерттелетін материалдарды қарқынды талдау мен жүйелеуге, сондай-ақ осы тақырып бойынша бұған дейінгі зерттеулермен диалогқа негізделетін болады. Зерттеу барысында Бұқар жырау мәтіндерін талдау, жырау өмір сүрген кезеңдегі тарихи және мәдени құбылыстар мен оқиғаларды зерделеу үшін түрлі ғылыми әдістер мен тәсілдер пайдаланылатын болады. Бұқар жыраудың шығармашылығы және оның қазақ әдебиеті мен мәдениетіне ықпалы туралы толық, жан-жақты ақпарат алу үшін әдебиеттерге жүйелі шолу, мәтіндерге талдау, салыстырмалы зерттеу, тарихи талдау және басқа да тәсілдер қолданылатын болады. Бұл жұмыстың ғылыми негізділігі мен өзіндік ерекшелігін қамтамасыз ету мақсатында Бұқар жырау мәтіндерінің жаңа талдамалық тәсілдері мен түсіндірмелеріне негізделген жаңа зерттеулер мен қорытындылар да ескерілетін болады.

Диссертация жұмысының ғылыми жаңалығы. Зерттеудің негізгі ғылыми жаңалығы – Бұқар жыраудың философиялық танымы мен көркем шығармашылығына рухани-адамгершілік мәселелерді қарастыру тұрғысынан кешенді талдау жүргізілуі. Оның еңбектерін жан-жақты зерттеу жыраудың философиялық көзқарастары мен уақыт шындығын көркем бейнелеудің жанрлық-стилистикалық әдістерінің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұқар жыраудың толғаулары шын мәніде, Абылай дәуірінің айнасы. Ұлтының тамаша рухани адамгершілік қасиеттерін бойына дарытқан көкірегі даңғыл, алмас тілді, дуалы ауыз кемеңгерді Абылай хан да бір елі қасынан қалдырмаған. Ақыл-ойға кемел «көмекей әулие» Абылай ханның дұрыс шешім, парасатты пайым қабылдауына, қос бүйірдегі екі алып мемлекеттің арасында оңтайлы саясат ұстауына, әскери-дипломатиялық қарым-қатынастарды реттеуге барынша ықпал жасайды. Бұл диссертациялық жұмыстың тағы бір ғылыми жаңалығы – Бұқар жырау шығармашылығының рухани-адамгершілік аспектілерін және олардың қазақ мәдениетімен байланысын зерделеу. Жырау шығармаларының мазмұнымен астасып жатқан діни түсініктеріне де талдау жасап, толғауларының көркемдігін тілдік тұрғыда талдап көрсетуі де аталған зерттеудің жаңалығы бола алады. Зерттеу нәтижелері оның шығармаларында осыған дейін зерттеу нысанына алынбаған жаңа көзқарастары мен тұжырымдарын ұсынады және оның ұлттық сана мен танымды дамытуға қосқан үлесін түсінуге және лайықты бағалауға көмектеседі.

Қорғауға ұсынылатын негізгі нәтижелер мен тұжырымдар. Қорғауға ұсынылатын негізгі нәтижелер мен тұжырымдар Бұқар жыраудың толғауларында баяндалған философиялық және моральдық қағидаттарды айқындауға байланысты болады.

1.Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелерді талдау және оның шығармаларындағы тарихи хронотоп пен замана шындығының көркем репрезентациясын зерттеу. Осы мақсатта жырау поэзиясына мәтіндік талдау (текстуалдық анализ) жүргізіп, руханият пен адамгершілікке қатысты негізгі тақырыптар мен идеялық арқауларды айқындау, сондай-ақ шығармаларындағы уақыт пен кеңістікті бейнелеудің көркемдік-эстетикалық механизмін (тәсілдерін) саралау жоспарланып отыр.

2.Зерттеуде Бұқар жырау шығармашылығының рухани-адамгершілік аспектілері герменевтикалық тәсілдер аясында зерделенді.

3. Бұқар жыраудың философиялық көзқарастары мен уақыт шындығын көркем бейнелеудің жанрлық-стилистикалық әдістерінің ерекшеліктерін анықтаймыз

4.Жырау поэзиясындағы діни дискурс элементтері мен ұлттық танымға жақын идеялар интертекстуалдық байланыс тұрғысынан алғаш рет жүйелі қарастырылды.

5. Бұқар жырау шығармашылығындағы қағидаттар мен құндылықтарды заманауи қоғамдағы өзекті мәселелерді шешу үшін пайдалану мүмкіндіктері қарастырылады.

6.Жырау тілінің бейнелілігі мен поэтикалық құрылымына лингвопоэтикалық талдау жүргізіліп, көркемдік тұтастық пен поэтикалық мағыналық қабаттары арасындағы өзара байланыс айқындалды.

Өз заманының озық ойлы абызы, сұңғыла саясаткері, сөз өнерінің талғампаз зергері Бұқар Қалқаманұлының шығармалары - ұлттық таным мен рухани-адамгершіліктің темірқазығы екендігі дәлелденді. Оның толғаулары хан мен билік институттарының, қалың бұқараның алтын арқауы болды. Автор шығармаларындағы ой-тұжырымдар қазақ мемлекетінің сыртқы және ішкі саясатын ғана емес, қоғамдық-әлеуметтік ахуалды да айқын сипаттайды. Адамгершілік құндылықтар Бұқар толғауларында ел мінезі, ханның әділ шешімі, ұрпақ тәрбиесі, ер тұлғасы, әйел бойындағы асыл қасиеттер, жақсылар институты т.б. арқылы айшықталған. Жырау толғауларын тақырыптық тұрғыдан түрліше топтастырғанмен, бұл туындылардың негізгі өзегі-рухани адамгершілік құндылықтар екендігі аян. Автор өз шығармаларына арқау етіп қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтаған өмірлік тәжірибесін, хан ордасының билік жүргізу дәстүрін, көшпелі халықтың моральдық бет-бейнесін басшылыққа алған.

Зерттеудің теориялық және ғылыми-тәжірибелік маңызы. Бұл зерттеудің теориялық және ғылыми-практикалық маңыздылығы қазақ халқының әдебиеті, тарихы мен мәдениеті туралы білім аясын кеңейту, сондай-ақ заманауи қоғамдағы рухани-адамгершілік мәселелерді жаңа сипатта интерпретациялау мен айқындау арқылы көрініс табады. Зерттеу нәтижелерін филология, тарих, философия, әлеуметтану және мәдениеттану саласындағы ғылыми, теориялық, практикалық және пәнаралық зерттеулерде қолдануға болады. Бұл зерттеудің нәтижелері Бұқар жырау шығармашылығының өзіндік ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік беріп, сондай-ақ қазақ әдебиеті мен мәдениетінің рухани-адамгершілік аспектілері туралы таным көкжиегін кеңейтуге пайдалы болары анық.

Зерттеудің күтілетін нәтижелері әдеби, тарихи мәдени, философиялық және әлеуметтану ғылымы бойынша зерттеулерде, сондай-ақ білім беру тәжірибесінде өскелең ұрпақтың бойында рухани және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсатында қолданыла алады. Біздің зерттеуіміз әдебиет, философия және мәдениеттану мамандары үшін, сондай-ақ әдебиеттегі руханият пен адамгершілік мәселелеріне қызығушылық танытатын кез келген адам үшін пайдалы болады деген ойдамыз.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі және мақұлдануы.

Диссертациялық жұмысы бойынша 10 мақала жарияланған, оның ішінде уәкілетті орган ұсынған басылымдардағы жарияланымдары саны – 5 мақала (оның біреуі ағылшынша), халықаралық конференциялар жинақтары мен шет елдік басылымдардағы жарияланымдары – 5 мақала (оның ішінде екеуі онлайн конференция)

Диссертациялық еңбектің құрылымы: Диссертациялық жұмыс тақырыптың өзектілігі, мақсаты мен міндеттеріне сәйкес кіріспеден, негізгі бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

